



МРНТИ 78.21.14

<https://doi.org/10.56132/2791-3368.2023.1-49-05>Д.М. Нурмахамбетов¹, В.А. Рудик¹

¹*Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: rudik-haos@mail.ru)**

Әскери оқу орындарының білім беру процесінің ерекшеліктері

Бұл мақалада әскери жоғарғы оқу орындарының білім беру процесінің ерекшеліктері қарастырылады. Әскери білім беру педагогиканың құрамдас бөлігі екендігі сипатталады. Авторлар әскери оқытушы психолог, психотерапевт, тәлімгер ретіндегі кәсіби күзiретiлiгi мен ұстанымы әскери психология мәдениетiнiң мазмұнын толықтыра түсетiнiн айқындайды.

Әскери оқытушы мен білім алушының психологиялық мәдениетін дамытудың маңызды факторларының бірі, ол әскери ЖОО-ның білім беру процесінің өзі болып табылатынын жеткізеді. Әскери оқу орындарының білім беру ортасының құрылымдық-динамикалық, функционалдық сипаттамаларын зерттеу, оның интерактивті мәнін анықтау үшін психологиялық, педагогикалық ғылымда бар әдіснамалық негіздерден ережелер жиынтығын қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: білім беру ортасы, мақсатты оқыту, оқу орны, жеке тұлға, профессор-оқытушылар құрамы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы бекітіліп отыр [1]. Сондықтанда мемлекет алдымен, ұрпағына сапалы білім беру жұмысын дұрыс жолға қоюды міндеттейді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жылдан асты осы жылдар аралығында елімізде ұлттық әскери мамандарды даярлау жүйесі өз деңгейінде қалыптасты. Әскери бағыттағы оқу орындарының оқу-тәрбиелік үдерісіне озық технологиялар енгізіліп, мамандардың білім деңгейін көтеру үшін оқу-әдістемелік база кеңейтілу үстінде.

Жалпы, Қарулы Күштеріміздің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін білім беру ортасын заманауи стандарттарға, әлемдік тәжірибелерге сай дамыту басты міндеттердің бірі болып саналады.

Білім беру ортасы – әлеуметтік ортада берілген үлгі бойынша тұлғаны қалыптастыру мен даму мүмкіндіктерін қамтитын шарттар жүйесі.

М.А. Гусаковский және оның серіктестері атап өткендей, білім беру ортасы – бұл білім беру мен алушының тәжірибесімен қатар жеке басын өзгертетін сала. Жеке тұлғаның мәдениетін дамыту шарттары ретінде осындай өзгерістерді түсінуде трансформациялық өзін-өзі сипаттаудың жеке немесе топтық әдістердің шектеулері мен кедергілерін жеңуге мүмкіндік береді [2].



Ю.Н. Кулюткин мен С.В. Тарасов білім беру ортасын әлеуметтік, мәдени, сондай-ақ білім беру мекемесінде арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық жағдайлардың жиынтығы ретінде сипаттайды, нәтижесінде жеке адаммен өзара әрекеттесу нәтижесінде тұлға қалыптасады [3].

Зерттеу әдістері

Талданған тақырыпты ғылыми зерделеу барысында әскери-педагогикалық зерттеулердің тұжырымдалары басшылыққа алынды. Құрылымдық-функционалдық және әлеуметтанулық зерттеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы талдау мен тұтастық принципі тұрғысынан автор өз тарапынан ұсыныс жасау, қағидаларын қалыптастыруы аталмыш мақаладағы кешенділік пен пәнаралық сапаны қаматамасыз етеді.

Негізгі бөлім

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты (ҚӘӘИ) – Қазақстан Республикасының ең ірі әскери оқу орындарының бірі, оның курсанттары білім беру бағдарламасына сәйкес қазіргі заманғы мамандықтарды жетік меңгереді, маршал И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінің даңқты дәстүрлерін жалғастырады.

Қарулы Күштердің кіші офицерлер құрамының 70 пайыздан астамы осы оқу орнының түлектері болып табылады. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай институттымызды 7 мыңнан астам офицер бітіріп шықты. Институттың 70-ке жуық түлегі генерал атағын алған. Жыл сайын жүздеген жастар ҚӘӘИ-ға оқуға түседі және жыл сайын жүздеген жас, сауатты және дайындалған түлектер біздің Қарулы Күштеріміздің қатарын еліміздің білімді, білікті, кәсіби дайындалған қорғаушыларымен толықтырылады.

Әскери жоғарғы оқу орны – бұл оқу орнының ерекше түрі, төмендегі жағдайларға байланысты:

- әскери-кәсіби қарым-қатынастың арнайы терминологиялық аппараты;
- әскери атрибутика және әскери қызметшілердің киім-кешегі;
- ЖОО-дағы барлық әскери қызметшілердің жарғылық тәртібі мен әскери өмір салты;
- жеке құрамның жауынгерлік әзірлігі, құпиялылық режимі, орналасу орнының жабықтығы;
- курсанттардың және қолында қаруы бар әскери қызметшілердің қарауылдық қызметі;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнын айқындау кезінде ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздіктің басымдығы;
- гуманистік құндылықтарға бағытталған білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық принциптер мен заңдылықтарды жүзеге асыру және әскери маман ғана емес, жауынгерлік міндеттерді орындауға



дайын адамды даярлау қажеттілігі арасындағы қайшылық;

– тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, далалық шығуларды, әскери тағылымдамалар мен практикаларды өткізу кезеңінде жоғарғы оқу орнының білім беру ортасын әскери бөлімдерге тарату;

– қолбасшылық тарапынан қызметті қатаң бақылауда болуы;

– білім беру процесіндегі дидактикалық және тәрбиелік мақсаттардың дамытушылықтан басымдығы;

– оқытушылар, әскери қызметшілер және оқитындар арасында ерлер контингентінің басым болуы;

– педагогикалық ұжымды тиісті микроклиматтары бар әскери қызметшілер мен азаматтық ұжымдарға бөлу.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, В.А. Ясвиннің білім беру ортасының «модальдылығын» диагностикалаудың векторлық әдістемесін пайдалана отырып, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының ортасын догматикалық түрге жатқызуға болады. Догматикалық орта келесідей сипатталады: «дәстүр, билік, салт, бұйрық абсолютті заң ретінде, қажеттілік өмірлік императив ретінде. Тәртіп және адалдық. Қаттылық, беріктік пен тұрақтылық сезімі, өзіне деген сенімділік, оның дұрыстығына байланысты байсалдылық, жан тыныштығы және айқындық. Өзін-өзі шектеу, өзін-өзі жеңу, еңбек заң ретінде, жоғары адамгершілік шеберлік ретінде» [4].

Жылдан-жылға оқуға талапкер тапсырушылардың саны артып келеді. Бұл дегеніміз жас жеткіншектерді патриотизмге тәрбиелеудің жарқын көрнісінің нәтижесі деп білеміз. 2020 жылы – 248, 2021 жылы – 529, 2022 жылы – 564.

Еркін өмір сүріп келген жеткіншектерге Әскери оқу орындарының ішкі талаптары сонымен қатар бекітілген нормативтарымен өмір сүріп ары қарай алып кету оңайға түспейді. Түсіп алып оқудан шығатындардың да саны ұлғайып барады.

Осының негізінде 1 курс курсанттары аралығында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 350 курсант қатысты.

74 % офицер мамандығын мәртебесі зор мамандық деп есептейді. 14 % офицер мамандығын материалдық жағдайына байланысты таңдағанын көрсетеді. 2 % туыстары әсер еткені, 1 % достары, 6 % әскери мамандықты таңдауына әскери отбасының дәстүрлі ізімен болса, 12 % әскери мамандыққа түсуіне әке-шешесінің қалауымен келгендігін білдік.

Әскери мамандардың мінез – құлық ерекшеліктерінің ұқсас тұстары мен айырмашылықтары әлеуметтану, психолог ғана емес педагог мамандардың да назарында.

Әскери оқуда оқитын жалпы догматикалық ортада тәрбиеленген адам тыныштық пен апатияға айналған кезде белгілі бір дәрежеде пассивтілікпен сипатталуы мүмкін. Егер мұндай ортада бұрыннан қалыптасқан күшті тұлға болса, онда ол басқа біреудің зұлым еркіне қарсы тұруға, атап айтқанда, өз энергиясын кез-келген жұмысқа бағыттауға деген ұмтылысында қатаюы мүмкін.



Жоғары сапалы дайындыққа, бірегей мамандыққа және олар игерген техниканы әртүрлі қару – жарак пен әскери техникада пайдалануға байланысты түлектер жалпы әскери, инженерлік, техникалық, тылдық, бронетанктік, автомобиль, шекара әскерлері, арнайы мақсаттағы әскерлер, теңіз жаяу әскерлері, әуе қорғанысы және т.б. Қарулы Күштеріміздің әскер тетіктерінің барлық спектрінде сұранысқа ие. Әуе-десанттық әскерлерді даярлау жеке бағдарламалар мен біліктілікті көтеру бойынша оқытудан өтіп тұрады.

Осы зерттеудің сарапшылары: профессор-оқытушылар құрамы (азаматтық және әскери оқытушылар), курсанттар және осы жарияланымның авторлары болды. Сонымен, ҚӘӘИ барлық параметрлерін бағалағаннан кейін, тұрақтылық, ұтқырлық және үстемдік сияқты білім беру ортасының параметрлері жоғары көрсеткіштерге ие; және эмоционалдылық сияқты параметрдің даму деңгейі төмен;

– қалған көрсеткіштер (ендік, қарқындылық, хабардарлық, жалпылау, белсенділік) орташа мәнге ие;

– үйлесімділік мәні орташа деңгейден сәл жоғары.

Сараптамалық бағалауға сәйкес, осы оқу орнында білім беру ортасы ендігінің орташа көрсеткішін байқауға болады. Институтте көптеген секциялар, қызығушылықтар бойынша клубтар бар, оларда әр курсант тегін оқи алады, әр түрлі спорт түрлеріне (шаңғы, жеңіл және ауыр атлетика) көп көңіл бөлінеді. Оқу орнында мамандандырылған жабдықталған сыныптар, бай материалдық база (бағдарламалық қамтамасыз ету, заманауи оқу тренажерлері) бар.

Қарқындылық сабақтардағы мұғалімдердің көпшілігі интерактивті формалар мен білім беру әдістерін қолдануға тырысатындығымен сипатталады. Сабақтан кейін курсанттар үнемі оқытушылармен кеңесіп, өз бетінше дайындалуға келеді.

Бұл көрсеткіш тұрақтандыруды және одан әрі дамытуды (жоғары деңгейге дейін) талап етеді, мұны барлық педагогтердің оқытудың интерактивті нысандары мен әдістерін пайдалануы есебінен курсанттар білім алатын оқу бағдарламаларын күшейту есебінен жасауға болады, бұл ретте оқытушылардың біліктілігін нақ осы бағытта арттыру қажет.

Әскери оқу орындарына түскеннен кейін кейбіреулері шет елде білім алуға ниет білдіре алады. Курсанттың тәртібі, оқу үлгерімі, шет тілді меңгеру қабілетіне қарай іріктеледі. Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтына түсіп ары қарай шет елде оқуға ниет білдірген курсанттарды Оңтүстік Корея, Турция, Ресей, АҚШ, Қытай елдеріне жібере алады. Оқу орнының жекелеген түлектері шетелде танымал болды, ал олардың қызметі халықаралық қатынастарды нығайта түседі.

ҚӘӘИ білім беру ортасын жалпылаудың жоғары деңгейіне ие. Сонымен қатар, ұжыммен мақсатты жұмыс нәтижесінде бүкіл профессорлық-оқытушылық құрамы бірыңғай білім беру стратегиясын саналы түрде жүзеге асырады. Оқу орнының тұжырымдамасы, оны дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары әскери оқытушылар тобымен жақсы түсініледі және



қолдау табады. Бұл көрсеткіш тұрақтандыруды және одан әрі дамуды талап етеді.

Бұл оқу орнының білім беру ортасының эмоционалдылығы қанық емес, оны жиналыстарда, әдістемелік жиындарда байқауға болады, олар қатаң жағдайда өтеді, профессор-оқытушылар құрамы әрдайым психологиялық тұрғыдан ыңғайлы емес, әрқашан өз эмоцияларын көрсете алмайды. Бұл көрсеткіш жоғары деңгейге дейін дамуды талап етеді. Бұл параметрді арттыру үшін әскери оқытушылар мен курсанттарға эмоцияларын еркін білдіруге кеңес беруге болады, осы ретте әскери жоғарғы оқу процесінің ерекшелігі өз ізін қалдырады.

ҚӘӘИ білім беру ортасының доминантылығы жоғары мәнге ие. Бұл оқу орнын көптеген мұғалімдер өздерінің кәсіби іске асыруының маңызды саласы ретінде қарастыратындығымен сипатталады. Көптеген курсанттардың өмір салты (әскери институттің ерекшелігіне байланысты) қандайда бір жолмен, олардың негізгі өмірлік құндылықтарының бірі болып табылатын оқу орнының өміріне қатысуға байланысты. Ата-аналар балаларының осы оқу орнында оқитынын мақтан тұтады. Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарынан келген курсанттардың саны көп.

ЖОО-да білім беру ортасының когеренттілік деңгейін байқауға болады. Осы оқу орнының түлектері жоғары білім беру деңгейіндегі әртүрлі білім беру мекемелеріне (адъюнктура, аспирантура) түседі.

ҚӘӘИ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен байланыста. Курсанттар мемлекеттік стандартқа сәйкес ғылыми білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар заманауи талаптарға сәйкес келетін практикалық дайындықты алады. Оқу орнындағы арнайы психологиялық-педагогикалық жұмыс курсанттардың қазіргі қоғамдағы жетістікке жету үшін қажетті жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған (патриотизм, мақсаттылық, батылдық, жауапкершілік, жұмысқа қабілеттілік және т.б.).

ҚӘӘИ білім беру ортасының кейбір түлектері өз қызметінде биік жетістіктерге жетіп, танымал адамдарға айналды.

Білім беру ортасының ұтқырлығы жоғары, мұнда барлық педагогтер жұмыстың заманауи белсенді (интерактивті) әдістерін пайдаланатынын байқауға болады, жаңа оқу курстары әскери педагогтердің, кафедралардың жылдық жүктемесі есебінен қамтамасыз етіледі, тәжірибе алмасу мақсатында түрлі оқыту семинарлары өткізіледі. Білім беру ортасы мұғалімнің жеке және кәсіби ресурстарын жаңарту мүмкіндігіне ие және белгілі бір жағдайларда арнайы зерттеулерді қажет ететін психологиялық мәдениетті дамытудың акмеологиялық кеңістігі бола алады.

Қорытынды

Дегенмен, әскери білім сапасын көтеруге қатысты бірқатар мәселелерде жоқ емес. Біріншіден, әскери білім беру жүйесі реформалауды қажет етеді. Екіншіден, әскери білім беру жүйесіндегі оқу орындары оқшауланған, осы жүйені ығыстырып шығып, барлық ЖОО-мен өте тығыз оқу-әдістемелік,



ғылыми байланыс орнатып ашықтыққа негізделуі тиіс. Аталған мәселелерді шешу үшін жалпы алғанда әскери институттардың курсанттарын даярлау деңгейін, әскери оқу орындарының беделі мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру маңызды. Білім берудің оң аспектісін көрсеткен Ганри Андерсон: «Зерттеулер нақты бақылау мен сипаттауды талап етеді. Зерттеу – бұл әдейі және асығыс әрекет емес, ол бағытталған бірақ көбінесе проблеманы немесе сұрақтарды зерттеу жүріп жатқан кезде жетілдіре түседі» – демекші, зерттеуіміз осымен тоқтап қалмайды әліде ары қарай жалғасын табады [5].

Қазіргі заманғы жағдайда әскердің барлық түрлері мен тектерінің жұмысын үйлестіруіміз қажет. Бұл, сәйкесінше, білікті кадрларды даярлаудың жоғары деңгейі терең біліммен, кәсіби құзіреттілікті талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Білімді ұлт жобасы. 2021. 12.12. – №726. [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі: [https // adilet/zan / kz/ docs/ P2100000726](https://adilet.zan/kz/docs/P2100000726) (қаралған күні: 2.07.2022).
2. Кулюткин Ю.Н. Образовательная среда и развитие личности / Ю.Н. Кулюткин, С.В. Тарасов. – М.: Новые знания, 2016. – №3. С. 48-56.
3. Гусаковский М.А. Университет как центр культуропорождающего образования: монография / М.А. Гусаковский Л.А. Яценко С.В. [и др]; под ред. М.А. Гусаковского. – Минск: БГУ, 2004. – 279 с.
4. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию / В.А. Ясвин. – М.: Смысл, 2001. – 365 с.
5. Барлетт С., Бертон Д. Білім берудегі зерттеулер. – Алматы «Ұлттық аударма бюросы», 2020. – 46 б.

Д.М. Нурмахамбетов, В.А. Рудик

Особенности образовательного процесса военных учебных заведений

В данной статье рассматриваются особенности учебного процесса военно-учебных заведений, в том числе, военное образование, рассмотрено как составная часть педагогики. Автор определяет, что его профессиональная компетентность и позиция военного педагога-психолога, психотерапевта, наставника дополняет содержание культуры военной психологии.

В статье выявлены важнейшие факторы развития психологической культуры военного педагога и курсанта основой которого является учебный процесс военного вуза. для определения ее интерактивной ценности.

Изучение структурно-динамических, функциональных характеристик образовательной среды военно-учебных заведений показывает важность формирования свода правил на основе методологических подходов науки психологии, педагогики.

Ключевые слова: образовательная среда, целенаправленное обучение, учебное заведение, личность, профессорско-преподавательский состав.

D.M. Nurmakhambetov, V.A. Rudik

Features of the educational process of military educational institutions

This article discusses the features of the educational process of military educational



institutions, including military education, considered as an integral part of pedagogy. The author determines that his professional competence and the position of a military teacher-psychologist, psychotherapist, and mentor complements the content of the culture of military psychology.

The article identifies the most important factors in the development of the psychological culture of a military teacher and cadet, the basis of which is the educational process of a military university. To determine its interactive value.

The study of the structural-dynamic, functional characteristics of the educational environment of military educational institutions shows the importance of forming a set of rules based on methodological approaches of the science of psychology, pedagogy.

Keywords: educational environment, target training, educational institution, personality, teaching staff.

References:

1. Bilimdi zhurt zhobasy. 2021.12.12. – №726. Retrieved from: [https // adilet/zan / kz/ docs/ P2100000726](https://adilet.zan/kz/docs/P2100000726). (In Rus).
2. Kulyutkin, Yu.N. (2001). *Obrazovatel'naja sreda i razvitie lichnosti* / Ju.N. Kuljutkin, S.V. Tarasov // [Educational environment and personal development]. – M.: Novye znaniya. – №3. P. 48-56.
3. Gusakovskiy, M.A. (2004). *Universitet kak centr kul'turoporozhdajushhego obrazovaniya: monografiya* / M.A. Gusakovskij, L.A. Jashhenko, S.V. Kostjuevich. [University as a center of culture-generating education: monograph]. – Minsk: BSU. – 279 p.
4. Yasvin, V.A. (2001). *Obrazovatel'naja sreda: ot modelirovaniya k proektirovaniyu* / V.A. Jasvin. [Educational environment: from modeling to design]. – M.: Smysl. – 365 p.
5. Bartlet S., Berton D. (2020). *Bilim berudegi zhertrteuler* [Educational research]. – Almaty «Ulttyk audarma burocy». – 46 p.

Нұрмахамбетов Мырзақелдиұлы	Дәулетбек	полковник, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының инженерлік әскерлер және РХБ қорғау кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан
Нурмахамбетов Мырзақелдиевич	Даулетбек	полковник, старший преподаватель кафедры инженерных войск и РХБ защиты Военного института Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова, Алматы, Казахстан
Nurmakhambetov	Dauletbek	colonel, senior lecturer of the Department of engineering troops and RCHB protection of the Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov, Almaty, Kazakhstan

Рудик Владимир Анатольевич		подполковник, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының ҒЗБ аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан
Рудик Владимир Анатольевич		подполковник, старший научный сотрудник НИО Военного института Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова, Алматы, Казахстан
Rudik Vladimir		lieutenant colonel, senior researcher of the research Department Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov, Almaty, Kazakhstan